

Бекітемін:

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:

Ажигулова А.К. 

**«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасының ата-аналармен
2022 -2023 оқу жылында өткізілетін
педагог-психологтың жұмыс жоспары**

№	Жұмыс мазмұны	Өткізу түрі	Мерзімі
1	«Жанұяның әлеуметтік паспорты» (барлық топтар)	сауалнама	Қыркүйек
2	«Балабақшаға баланың бейімделуі» (ортаңғы топтар)	сауалнама	Қыркүйек
3	«Отбасындағы тәрбие стиліңіз қандай?»	сауалнама	қазан
4	"Үш жастағы дағдарыс. Бұл не?"	кеңес	қараша
5	«Бала мен ата-ана қарым-қатынасы» Диагностика нәтижелері бойынша	Жеке кеңес	Жыл бойы
6	«Мен және менің балам»	тест	қаңтар
7	«Балабақшаға көз қарасыңыз қандай?»	сауалнама	наурыз
8	«Мектеп табалдырығы»	тренинг	сәуір
9	Сұраныстар бойынша педагогтарға, ата-аналарға психологиялық қызмет көрсету және кеңес беру.	кеңес	Жыл бойы

**«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасының тәрбиеленушілерінің
отбасылық-әлеуметтік жағдайлары туралы мәлімет
2022-2023 оқу жылы**

Барлық бала саны-50 соның ішінде, ұл бала-31 .қыз бала-19

Қазақ-48, орыс-2

Отбасыларының әлеуметтік жағдайы:

- Қызметкерлер отбасы - 32
- Жұмысшы отбасы - 17
- Жеке кәсіпкерлер - 1
- Жұмыссыз отбасы - 0

Отбасының тұрмыстық жағдайлары:

- Жағдайы жақсы отбасы - 50
- Жағдайы орташа отбасы - 0
- жағдайы төмен отбасы - 0
- Сәтсәз отбасы - 0

Отбасындағы бала саны:

- 1 балалы отбасы -1
- 2 балалы отбасы -20
- 3 балалы отбасы - 14
- 4 балалы отбасы -13
- 5 балалы отбасы -2
- 6 балалы отбасы- 0

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар



**«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай- балабақшасында жүргізілген
сауалнаманың қорытындысы**

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 13 қыркүйек 2022 жыл

Қатысқаны: 15 ата-ана

**Ортаңғы аралас «Айгөлек» топ балаларының ата-аналарына арналған
Сауалнама**

«Балабақшаға баланың бейімделуі»

Қорытынды нәтиже:

55-40 баллов – бала балабақшаға келуге дайын – 9 бала – 57,1 %

39-24 баллов – бала орташа дайын - 6 бала – 42,9 %

23-16 баллов - бала дайын емес - 0 бала – 0 %

Ескерту: Ата-ана

Балабақшаға бала келгенде тек тәрбиеші жағынан ғана емес ата -ана жағынанда балаға көмек керек. Бала жылаған кезде немесе ашуланған кезде балаға айқайламай сабырлықпен түсіндіру қажет. Балаға өз еркімен ойнай, тандай білуге мүмкіндік беріп, үйретуді қажет етеді.

Ата-аналарға кеңес: «Баланың балабақшаға бейімделуі»



Педагог-психолог:  А.Р.Аскарова

**«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай- балабақшасында ата-аналармен
жүргізілген жеке кеңес
Хаттамасы**

Өткізілу уақыты: 27.10.2022 ж.

Қатысқаны: ата-ана

Топ: аралас «Айгөлек» тобы

Тақырыбы: Балалардың мектепте оқуға деген психологиялық дайындығы

Кеңес беру түрі: Экспресс-диагностика Павлова Н.Н, Руденко Л.Г. және

Керн-Йирасек әдістемесінің қорытынды нәтижесі

Ата-аналарға оқу жылының яғни қыркүйек айында алдымен балалардың даму деңгейі анықтау үшін Экспресс-диагностика Павлова Н.Н, Руденко Л.Г. әдістемесі арқылы балалар түрлі тапсырмалар орындағаның ескертіліп, жалпы топтың деңгейі айтылды. Сонымен қатар, қазан айында балалардың мектепке оқуға психологиялық дайындығын тексеру барысында қолдың нәзік моторикалық қимылының жетілуі мен көздің көру жанарын бағыттауы, кеңістікті бағдарлау және баланың ерікті зейінінің даму деңгейін анықтау мақсатында Керн-Йирасек әдістемесі үш тапсырмадан құралып жүргізілгенін айта отырып балаларға тек тәрбиеші ғана емес, ата -анада көбірек уақыт бөлу керектігі ескертілді. Әр баланың жеке деңгейін білу үшін жеке келуге болатыны айтыла кетті.



Ата-аналарға ұсыныс: Баланың күшті және әлсіз жақтарын білу және оларды ескеру және баланың іс-әрекетіне шынайы қызығушылық таныту, эмоционалды қолдауға дайын болу.

Педагог-психолог: *А.Р. Аскарова* А.Р. Аскарова

**«Жұлдыз-ай» Тамды бобекжай- балабақшасында
ата-аналармен жүргізілген жеке кеңес**

Хаттамасы

Өткізілу уақыты: 27.10.2022 ж.

Қатысқаны: 3 әр ата-анаға жеке кеңес берілді

Топ: аралас «Айгөлек» тобы

Тақырыбы: Балалардың мектепте оқуға деген психологиялық дайындығы

Кеңес беру түрі: Экспресс-диагностика Павлова Н.Н, Руденко Л.Г. және

Керн-Йирасек әдістемесінің қорытынды нәтижесі

Экспресс-диагностика Павлова Н.Н, Руденко Л.Г

№	Аты-жөні	субтест															
		1.Баспалдақ (Өзін-өзі бағалауы)			Шенберді кино (ұсақ моторика)	Үй (зейін)	10 сөз (есте сақтау)	Сөйлемді аяқта (сөздік логикалық ойлау)	4 артық (бейнелі логикалық ойлау)	Суреттің дұрыс орналасуы	Жетіспейтін суреттің тап (ойлау)	Адамның суреті	Қиылған суреттер (қабылдау)	Бұл неге ұқсайды (қиял)	Тыйым сөздер (ерікті)	Графикалық диктант	Субтесттің жалпы баллы
		Б	Т/1	Т/2													
1	Теңел Ислам	о	ж	о/ж	0	1	0	0	1	1	0	1	1	0	0	0	5
2	Бисенов Арсен	о	ж	о	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	12
3	Құрманбай Абылхайр	о/ж	ж	ж	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	12
4	Жәнібекұлы Темірлан	о	о/ж	ж	0	1	0	1	0	1	0	1	1	0	1	1	7

Керн-Йирасек әдістемесі

№	Тәрбиеленушілердің аты –жөні	Диагностикалық тапсырманы орындау нәтижесі				Қорытынды
		Ер адам	Сөз тізбегі	Нүкте қатары	Жалпы балл	
1	Теңел Ислам	4	5	4	13	төмен
2	Бисенов Арсен	4	3	4	11	орташа
3	Құрманбай Абылхайр	4	3	4	11	орташа
4	Жәнібекұлы Темірлан	4	5	4	13	төмен

Ата-аналарға баласының қай жағынан танымдық деңгейі төмен екені көрсетіліп, нақты түсіндірілді. Балаға көп көңіл бөлу керектігі ескертілді және де үй жағдайында ойын ойнай отырып, қалай танымдық деңгейін дамытуға болатын бірнеше үлгі әдістер арқылы айтылып көрсетілді.

Педагог-психолог:  А.Р.Аскарова

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай- балабақшасында ата-аналар жиналысында берілген кеңес

Хаттамасы

Өткізілу уақыты: 11.11.2022 ж.

Қатысқаны: 12 ата-ана

Топ: аралас «Айгөлек» және аралас «Балбөбек» топтары

Тақырыбы: «Үш жастағы дағдарыс. Бұл не?» кеңес

Үш жастағы дағдарысты қарастыруға себін тигізетін үш түрлі көзқарас бар: Біріншіден, бұл дағдарыс баланың өтпелі кезеңіне байланысты. Өйткені бала психологиясында бұл кезеңде жаңа-құрылымдар мен саналы ерекшеліктер пайда болады. Бала психикасының дамуындағы дағдарыстың пайда болуын оның жақын арадағы даму аймағына қатысты қасиеттердің өзгеруі Үш жастағы заңдылығымен ұштасты түрде іздестіру керек болады. дағдарыстың екінші көрінісі – қырсығу. Жағымсыздық қырсығудан өзгеше қылық. Қырсығудың өзін қасарысудан ажырата білу керек. Егер жағымсыздыққа әлеуметтік сипат тән болса, яғни бала ересектердің айтқанына керісінше әрекет жасайтын болса, қасарысу сипаты болғаны. Баланың ыза-сы өзгермелі болады деп айтуға болмайды. Баланың дағдарысқа ұшырау кезеңіне дейін оның өзіне деген ниет-қылығының себептерін Үшінші сәт – баланың қалайша болатындығына көз жеткізуіміз керек. қыңырлық кезеңі. Жағымсыз қылықтар баланың қандай да болсын ересектерге қарсы бағытталған әрекеттері.

Қырсықтықтың қасарысудан айырмашылығы, ол қалайда өзінің қажетін орындауға. Енді төртінші ерекшелік – өзіндік ерік немесе табандылық көрсетуі. өзімшілдік мінез деп аталады. Бұл баланың дербестік бағытын көрсетеді. Енді бала бәрін өзі істегісі келеді. Талданып отырған дағдарыс түрлерінің бұдан басқаша үш түрі бар деп жүр, бірақ олардың қосымша ғана маңызы бар. Оның біріншісі – қарсылық көрсету. Баланың мінез-құлқындағы бірқатар көріністердің бәрі қарсыласу сипатында болады. Оның мінез-құлқы өзгелерге қарсыласу ерекшеліктермен көрініс беріп, өз маңындағылармен ұрысып, таласып, үнемі ренжісу жағдайында болып көрінеді. Баланың ата анасымен қақтығысы әдетке айналды. Осыған орай баланың өзі елеусіз қалады. Мысалы, бұрын тату болған жанұяда бала өз анасына «сен ақымақсың» дейді. Бала өз ойыншықтарын да бағаламауға тырысады, оларды ұстағысы келмейді, оның сөздерінде балағаттау мен кемсіту сөздері пайда болады. Мұндай сөздер орынсыз айтылады. Бұлардан басқа тағы да екі жақты ерекшелік болатынын атап айту керек. Үйдегі жалғыз бала болғандықтан, оның талап-тілектерінің бәрі орындалып, ол нағыз өзінің өктемдігін жүргізуге тырысып бағады. Бұл көрініс әр түрлі жанұяда түрліше болып келетіні байқалады. Ондай бала жанындағы адамдарға айтқанын істетіп, айдауына жүргізгісі келеді, яғни оның шешесі үйден шықпауы тиіс, бала талабы бойынша шешесі бөлмеде болу, талаптарының бәрін оған алып беру керек, ұсынған тағамды жемейді, өзі сүйген тамақты ғана ішеді. Бала айналасындағы адамдарға билік жүргізу үшін неше алуан тәсілдерді табады. Ол барлық талаптары орындалған жағдайда өзгелердің бәріне әмірші болғысы келеді. Ал кейбір жанұяда мұндай сипат қызғаншақтық деп те аталады. Өзінен жасы кіші не үлкен баланы қызғанатын болады. Міне үш жастағы

баланың бойында жиі кездесетін мінез нышандары осындай. Бұл ерекшеліктердің бәрі бала тәрбиесіне байланысты пайда болып отырады. Дағдарыс кезінде баланың бойында қайта құрылатын психикалық өзгеріс не? Бұл бала маңындағы жақын адамдарына – әкесі мен шешесіне және олардың беделіне деген әлеуметтік көзқарасын білдіреді. Сондай-ақ баланың «Мен» деген өзіндік ерекшелігін танытқысы келіп, оның бойында бірсыпыра мінез-қылықтары пайда болады. Ондай қылықтар ортадағы жағдайды өзгертеді. Бір сөзбен айтқанда, дағдарыс баланың жеке тұлғасы мен оның маңындағы адамдардың өзара әлеуметтік қарым-қатынасын қайта құрып, оларды өзгертіп отыруға бағытталатын психикалық фактор деп санауымыз керек

Педагог-психолог:  А.Р.Аскарова

**«Жұлдыз-ай» Тамды бобекжай- балабақшасында
ата-аналармен жүргізілген психологиялық тренингтің**

Хаттамасы

Откізілу уақыты: 16.01.2023 ж.

Қатысқаны: 6 ата-ана

Топ: «Айгөлек» ортаңғы топ

Тақырыбы: «Мен және менің балам» атты тренингі

Мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші әрі мұғалім ретінде карауға жауапкершілігін арттыру. Бала тәрбиесінде мектепі мұғалімдермен, мамандарымен ата-ананың байланысын нығайту, ұстаздармен бірлескен әрекетке тарту.



«Жүрек жылуы» жаттығуы

Қатысушыларға кішкене жүрекшелер таратылады.

Тренингке қатысушы ата-аналар...

«Менің балама тілейтінім!»..... деген ойды жалғастырулары керек. Бір-біріне деген жақсы лебіздерін білдіреді.



Педагог-психолог:  А.Р.Аскарова